



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz



«Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңізді негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы



ЖИ көмекке келеді

Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында өңірлерде әкімдік қызметкерлерін заманауи цифрлық құралдар мен жасанды интеллект технологияларын қолдануға үйрету бағытындағы жұмыстар басталды. Бұл бастама мемлекеттік басқару жүйесіне инновациялық шешімдерді енгізіп, деректерге негізделген шешім қабылдау мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі вице-министрі Д.Мун YouTube платформасында тікелей эфир өткізді. Эфир барысында жергілікті атқарушы органдардың жұмысында жасанды интеллектті қолдану жолдары көрсетіліп, деректерді талдау және басқарушылық шешімдер қабылдау тетіктері түсіндірілді.

Алғашқы таныстыру сабағына еліміздің барлық өңірінен 2 мыңнан астам мемлекеттік қызметші қатысты. Бұл цифрлық дағдыларды дамытуға және жасанды интеллект құралдарын күнделікті қызметке енгізуге деген жоғары қызығушылықты көрсетті.

Қызметкерлерге жасанды интеллекттің ұлттық платформасына қолжетімділік берілді. Бұл өңірлерде интеллектуалды шешімдерді кезең-кезеңімен енгізуге және басқару үдерістерін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Тікелей эфирде басқарушылық шешімдер қабылдауға арналған Smart Data Ukimet жүйесі, жасанды интеллекттің ұлттық платформасы және smart-city.govarch.kz порталы таныстырылды. Аталған жүйелер мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған.

Алдағы уақытта өңірлік мемлекеттік қызметшілер үшін арнайы оқыту курстары ұйымдастырылады. Курстарда жасанды интеллектпен жұмыс істеу, аналитикалық дашбордтарды пайдалану, Smart City шешімдерін енгізу, киберқауіпсіздік талаптарын сақтау және ішкі процестерді жетілдіру мәселелері қамтылады.

Өз тілшімізден

Жасанды интеллект: айдың арғы беті

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 10 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде киберқауіпсіздік мәселесін стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде айқындап берді. «Дербес деректердің жаппай таралуы, интернет-алаяқтық, қылмыстық схемаларда жасанды интеллектті қолдану – бұл шетелде де, елімізде де қалыптасып отырған жаңа шындық», – деді Президент. Мемлекет басшысы цифрлық трансформация қарқын алған заманда қарапайым азаматтарға киберқауіптің көбейіп тұрғанын ерекше атап өтіп, азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мұқият тапсырды.



Коллажды жасаған Арайлым Қожабаева

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа мүмкіндік пен көрінбейтін қауіп

Бұл мәлімдеме кездейсоқ айтылған жоқ. Соңғы жылдары мемлекеттік қызметтер, қаржы операциялары, сауда-саттық, білім мен медицина саласы жаппай цифрлық форматқа көшті. Онлайн-сервис-тер өмірімізді жеңілдеткенімен, деректердің ашық кеңістікте шоғырлануы жаңа қауіптерді де қатар алып келді.

Президент Үкіметке және бейінді құрылымдарға киберқауіпсіздік пен азаматтардың дербес деректерін қорғау тәсілдерін

кешенді негізде қайта зерделеуді жүктеді. Сонымен қатар, цифрлық деректерді қорғау мәселесін конституциялық деңгейде бекіту қажеттігін де еске салды.

Мемлекет басшысы атап өткендей, қазіргі таңда киберқылмысқа қарсы нақты шаралар қабылданып жатыр. Ұлттық антифрод орталығының жұмысы нәтижесінде 90 мың азаматқа қатысты алаяқтық операциялардың жолы кесілген. Бұл – жүйелі жұмыстың нәтижесі. Бірақ, қауіп әлі сейілген жоқ.

Мемлекет басшысының цифрлық қауіпсіздікке ерекше мән беруі бекер емес. 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланып,

Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті Жарлыққа қол қойды. Бұл бастама технологиялық дамуы жаңа деңгейге шығаруды көздейді. Сонымен қатар, 2025 жылы бірқатар институционалдық негіз қалыптасты.

Атап айтсақ, жаңа Цифрлық даму және жасанды интеллект министрлігі құрылып, «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылданды, ұлттық деңгейдегі суперкомпьютерлік инфрақұрылымдарды дамытуға жол ашылды. Мұның барлығы – жасанды интеллектті қауіпсіз әрі тиімді пайдалануды, отандық IT-саланы күшейтуді және киберқауіпсіздік жүйесін институционалдық тұрғыда нығайтуды қамтамасыз ететін стратегиялық қадамдар.

РЕПОРТАЖ

Арқаның алтын сандығы

Бүгінде «Пустынное» алтын кен орны Балқаш қаласынан шығысқа қарай 100 шақырым жерде орналасқан ірі өндіріс орталығына айналған. 2014 жылдан бері кәсіпорын бірнеше кезеңдік дамудан өтіп, қазіргі таңда жылына 6 миллион тоннаға дейін руда өңдеу деңгейіне жетіп отыр. Жаңа кен қалдықтарын сақтау қоймасының салынуы және халықаралық ИСМІ сертификаты өндірістің экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтерді. Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы «Пустынное» алтын кен орнына жасалған сапар жай ғана өндірістік танысу емес, бүгінгі қазақстандық тау-кен саласының қалай дамып келе жатқанын көруге мүмкіндік берді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кен орнына кіреберістен бастап тәртіп пен талаптың қатаң сақталатыны бірден байқалады. Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, арнайы киім мен қорғаныс құралдарын кию, қозғалыс бағыттарын нақтылау – мұның бәрі бұл өндірісте кездейсоқтыққа орын жоқ екенін аңғарта-



ды. Бүгінде «Пустынное» тау-кен байыту кешені – жүздеген гектар аумақты алып жатқан, күрделі өндірістік инфрақұрылымы қалыптасқан ірі кәсіпорын. Мұнда барлығы 960 адам еңбек етеді. Олардың қатарында кеншілер, жарылыс жұмыстарына жауапты мамандар, инженерлер, механиктер, операторлар, балқытушылар мен көмекші қызмет көрсететін мамандар бар.

Алғашқы нұсқаулық барысында карьер мен өндірістік аймақтардағы қауіпті учаскелер егжей-тегжейлі түсіндірілді. Әр қызметкер мен қонақтың қай жерде қалай жүруі керектігі нақты белгіленген. Мұндай талаптар адам өмірін қорғап қана қоймай, өндірістің үздіксіз әрі сенімді жүруіне негіз қалайды. Осы тәртіппен біз «Пустынное» карьері мен жерасты тау-кен жұмыстары жүргізілетін портал аумағына бет алдық. Мұнда жер қойнауын игеру жұмыстары тек жоспар мен есепке

сүйене отырып жүргізіледі. Әр метр, әр қабат алдын ала зерттеліп, қауіпсіздік талаптары қатаң сақталады.

Сапар «Долинное» карьерінде жалғасты. Мұнда біз өндірістің ең жауапты сәттерінің бірі – жарылыс жұмыстарын тамашаладық. Мамандардың айтуынша, жарылыс жасау бір сәттік әрекет болғанымен, оның артында ұзақ дайындық жатады. Алдымен геологиялық зерттеу жүргізіліп, кеннің орналасуы, көлемі мен құрылымы анықталады. Одан кейін жару сызбасы жасалып, қауіпсіздік аймағы белгіленеді. Барлық техника мен адамдар қауіпсіз қашықтыққа шығарылған соң ғана жарылыс іске асырылады. Сол сәттіге тыныштық пен артында шыққан қуатты дүмпу өндірістің қаншалықты күрделі әрі жауапты екенін сездірді.

Келесі аялдама – «Долинное» жөндеу-механикалық учаскесі болды. Бұл жерде өндірісте қолданылатын ауыр техникалар қайта құрастырылады. Карьерде жүретін 94 тонналық алып көліктердің зауыттан бөлшектері жеткізіліп, дәл осы жерде қайта жиналатынын естігенде, бұл учаскенің маңызын терең түсіндік. Әр бөлшектің дәлдігі, әр болттың орны – инженерлер мен механиктердің кәсіби біліктілігінің айғағы. Мұнда кез темір ғана емес, үлкен жауапкершілік те «құралады».

► 3-бет

Инфрақұрылым игілігі және қауіпсіздік қамданысы

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кезекті аппараттық жиында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері мен басым бағыттары талқыланды. Күн тәртібіндегі басты мәселелер – жол инфрақұрылымын жаңғырту және сонғы уақытта белен алған интернет-алаяқтыққа қарсы қимыл іс-шаралары. Аймақ басшысы әр сала бойынша атқарылған жұмыстарды саралап, жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктелді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуы жол инфрақұрылымының сапасы мен қоғамдық қауіпсіздік деңгейіне тікелей байланысты екенін атап өтті.

– Өңіріміз үшін маңыздылығы жоғары күрежолдарды жаңғырту – тұрғындардың өмір сапасын арттырудың, инвестициялық тартымдылықты күшейтудің және өңірлік логистиканы дамытудың тиімді тетігі. Аймақтың көлік қатынасын жақсарту – стратегиялық маңызды міндет. Облыстағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 9 350,7 шақырымды құрайды. Биыл бұл көрсеткіштің сапалық деңгейін арттыру мақсатында 493 шақырым жолды жөндеу жоспарланған, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсат Мұқашев пен «КазАвтоЖол» АҚ облыстық филиалының директоры Думан Болатұлының мәліметінше, жүйелі жұмыстар бірнеше бағытта өрбиді. Атап айтқанда, алдымен жетелі стратегиялық жобалар: көптен күткен «Қарағанды-Жезқазған» автожолын қайта жаңарту жобасы халықаралық банктер арқылы



қаржыландырылатын болды. Наурыз айының ортасына қарай мердігерлер анықталып, келісім-шарттарға қол қойылады.

Сондай-ақ, республикалық маңызы бар жалпы ұзындығы 413 шақырымды құрайтын «Қарағанды-Балқаш» және «Балқаш-Бұрылбайтал» жолдары толық аяқталды. Осы және өзге де жұмыстардың нәтижесінде республикалық жолдардың стандарттық өлшемі 91 пайызға жетеді.

Өңіршілік бағыты бойынша «Саран-Шахтинск» бағытында асфальт төсеу және көпірді жаңғырту жұмыстары жоспарға сай жүріп жатыр. «Теміртау-Ғабиден Мұстафин» кенті бағытындағы көпір пайдалануға берілсе, «Осакаровка-Есіл» бағытындағы нысанның аяқталуына да сәл қалды.

Ауыл арасындағы тасжолға келетін болсақ, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 3 ауылда бірнеше шақырым жол жөнделеді. Олардың ішінде халық тарапынан сұранысқа ие «Егіндібұлақ-Бүркітті» күрежолы да биыл жаңғыртылады. Саланы цифрландыру

аясында жолдардың техникалық жағдайына тұрақты диагностика жүргізіліп, жұмыс сапасы қатаң сараптамадан өткізіледі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Қуаныш Орынбетов баяндама жасады.

– Ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған заманда интернет-алаяқтық қоғамда өршіп тұр. Қылмыскерлер азаматтардың сенімін пайдаланып, түрлі цифрлық платформалар арқылы әрекет етуде. Жыл басынан бері 218 интернет-алаяқтық дерегі тіркелген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29 пайызға төмен. Қылмыстың ашылу деңгейі 91,4 пайызды құрап отыр. Алайда, жыл басынан бері келтірілген материалдық шығын көлемі 631,7 миллион теңгеден асқан. Қылмысқа қарсы шұғыл іс-қимыл шаралары аясында Қарағанды қаласында «Қазақтелеком» компаниясымен бірлесіп Call-орталық іске қосылған. Орталық тәулігіне 800 мыңға жуық қоңырауды өң-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

деп, алаяқтық фактілерін азайтуға ықпал етуде. Сонымен қатар, «Кибернадзор» жүйесі арқылы 1 825 заңсыз сайт бұғатталған. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыс жүйелі әрі үздіксіз жүргізілуі тиіс, – деді ол.

Қуаныш Абдуманұлының айтуынша, профилактикалық жұмыстар да күшейтілген. «Стоп! Интернет-алаяқтар!» акциясы ұйымдастырылып, қоғамдық көліктерде, мектептердің Edumark және Bilimal платформаларында, сондай-ақ, ақылы жолдардағы LED-экрандарда түсіндіру материалдары орналастырылды. Заңсыз схемаларға қатысқан 257 «дроппер» анықталып, олардың бірқатарына қатысты сот үкімдері шыққан.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға бере отырып, әлі де босануға болмайтынын ескертті.

– Жол жөндеу жұмыстарының сапасы – бірінші кезектегі мәселе. Барлық учаскелерде қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету керек. Өсіресе, алдағы көктемгі су тасқыны кезеңін ескеріп, шұғыл әрекет етуге дайын болуымыз қажет. Әрбір нысан бойынша техникалық бақылау күшейтіліп, мердігер ұйымдардың жауапкершілігі қатаң талап етілуі тиіс. Бөлінген қаражаттың тиімді әрі мақсатты игерілуі – тұрақты бақылауда болады. Ең бастысы, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі қолайлы жол инфрақұрылымын қалыптастыру – ортақ міндет, – деді өңір басшысы.

Сондай-ақ, әкім интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша ақпараттық жұмыстарды тоқтатпауды және цифрлық сауаттылықты арттыруға баса мән беруді тапсырды. Жиында берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Азамат Айтбайұлына жүктелді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ



Жасампаздыққа жол ашқан жоба

Бүгін біз негізгі заң мәтініндегі жай ғана өзгерістерді емес, елдің стратегиялық таңдауын талқылап отырмыз. Конституциялық реформа – қоғам мүдделері мен болашақ талаптарынан туындаған тарихи қажеттілік. Әлем қарқынды өзгеруде, жаһандық бәсекелестік күшеюде, технологиялар мен еңбек нарығы трансформациялануда. Осындай жағдайда мемлекет тұрақты даму үшін берік құқықтық негіз қалыптастыруға міндетті. Ал, дәл осындай негіз Конституцияның жаңа жобасында айқын көрініс тапқан.

Конституцияның жаңа жобасында мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халық екендігі, сондай-ақ, халықтың егемендіктің иесі болып табылатындығы нақты бекітілген. Бұл қағида әрбір азаматтың ел тағдырындағы рөлін күшейтетін принциптік маңызды ереже болып табылады. Референдумға қатысу – жай ғана міндет емес, өз конституциялық құқығын жүзеге асырудың, өз ұстанымын білдірудің және мемлекеттің болашағына ықпал етудің нақты мүмкіндігі.

Ұсынылып отырған конституциялық өзгерістер модернизацияның жаңа кезеңін айқындайды және онда негізгі рөл адами капиталға, білім мен инновацияларға беріледі. Жаһандық трансформация жағдайында дәл осындай ғылыми әлеует пен білім сапасы елдің бәсекеге қабілеттілігін, оның технологиялық тәуелсіздігі мен тұрақты дамуын айқындаушы факторға айналады. Конституция жобасында білім, ғылым, мәдениет және инновациялар басымдықтарының бекітілуі – Қазақстанның болашағы ең алдымен азаматтардың зияткерлік және кәсіби әлеуетімен байланысты екендігін білдіретін нақты белгі.

Конституция жобасы азаматтардың білім алуға, оның ішінде жоғары білім алуға құқығын кепілдендіреді және әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндіктер қағидағарын нығайтады. Білім – қоғамның тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде басым мәртебеге ие. Индустриялық өңір үшін бұл ерекше маңызды. Теміртауда мектепке дейінгі деңгейден бастап, магистратура мен докторантураға дейінгі тұтас білім беру экожүйесі қалыптасқан. Диссертациялық кеңестер жұмыс істейді, Ұлттық инженерлік академияның облыстық филиалы ашылған, экономиканың негізгі салалары үшін кадрлар даярлау бағдарламалары жүзеге асырылды.

Адами капиталды, ғылым мен инновацияларды дамыту мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде айқындалған. Бұл университеттердің миссиясын

кеңейтеді: біз тек білім беру ұйымдары ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулер мен технологиялық прогресс орталықтарына айналамыз. Бүгінде университет ондаған ғылыми жобаларды жүзеге асыруда, халықаралық деректер базаларындағы жарияланымдық белсенділікті жыл сайын арттыруда, патенттер алуға және әзірлемелерді экономиканың нақты секторына енгізуде.

Цифрлық трансформация жағдайында конституциялық нормаларда бекітілген деректер мен зияткерлік меншікті қорғау ерекше маңызға ие. Бұл цифрлық инфрақұрылымды, стартаптар мен инновациялық бастамаларды дамыту үшін қауіпсіз орта қалыптастырады. Біз қазірдің өзінде нәтижелерін көріп отырмыз: елімізде алғашқы жасанды интеллект технологиялары кафедрасы ашылды, заманауи білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда, студенттер халықаралық жобаларға қатысып, ЖИ-агенттер мен стартаптар әзірлеуде.

Осылайша, заманауи университет өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының белсенді қатысушысына айналады. Біз металлургия, машина жасау, құрылыс, энергетика және IT-саласы үшін елдің технологиялық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін мамандарды даярлаймыз.

Осылайша, Конституция жобасы жоғары білім беруді, ғылымды және инновациялық экономиканы одан әрі дамыту үшін берік құқықтық негіз қалыптастырады. Ол адамды, білімді және жасампаз еңбекті басымдық ретінде бекітеді. Сондықтан, референдумға қатысу – әрбір азаматтың Қазақстанның болашағына, оның тұрақтылығына, бәсекеге қабілеттілігі мен өркендеуіне қосқан үлесі.

Бақыт ЖӘУТІКОВ,
«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы –
Ректор,
техника ғылымдарының докторы, профессор

Қоршаған ортаға қамқорлық

Қарағанды облысында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында волонтерлер мен жастар белсенділері жергілікті тұрғындарды көп рет қолданылатын сөмкелерге көшуге үндеді. **Ігі бастама барысында еріктілер сауда нүктелерін аралап, сатып алушылармен және сатушылармен жүздесіп, полиэтиленнің қоршаған ортаға тигізетін зияны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.**

Акцияның басты мақсаты – бір реттік пластикті тұтынуды азайту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Волонтерлер дүкен келушілеріне қағаз және мата сөмкелерін таратып, барлығы жүзге жуық көп рет қолданылатын пакет үлестірді.

Мамандардың айтуынша, пластик қалдықтары – өңірдегі ең өзекті мәселелердің бірі. Полиэтилен

ондаған жыл емес, ғасырлар бойы ыдырамай, топырақты, су көздерін ластайды. Табиғатқа тигізетін зияны орасан болғанымен, көпшілік үшін ол әлі де күнделікті тұрмыстың «ыңғайлы» бөлігі болып қалып отыр.

Бұқар жырау ауданы Жастар ресурстық орталығының маманы Жантөре Төкеннің айтуынша, экологиялық жауапкершілік – әр азаматтың міндеті.

– Пластик ондаған жыл емес, ғасырлар бойы жатады. Сондықтан, экологиялық тұрғыдан таза өнімдерге көшу – өте маңызды қадам. «Таза Қазақстан» акциясы табиғатты барлық мүмкін жолмен қолдауды көздейді. Бұл – тазалықты сақтау ғана емес, полиэтиленнің орнына қағаз бен картоннан жасалған бұйымдарға көшу. Бұл – үлкен әрі қажетті қадам, – деді ол.

Акция барысында тұрғындармен ашық әңгіме өрбиді. Көпшілік экологиялық бастаманы қолдап, көп рет қолданылатын сөмкелерді жиі пайдалануға ниет білдірді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар бір реттік емес. Алдағы уақытта да



Жалпыұлттық экологиялық акция

түсіндіру жұмыстары, жастармен кездесулер және экологиялық бағыттағы іс-шаралар жалғасады.

Еріктілердің пікірінше, қоршаған ортаны қорғау – тек сенбілікке қатысумен шектелмейді. Әрбір азаматтың күнделікті таңдауы маңызды. Дүкенде полиэтилен пакетін алмау – шағын әрекет болып көрінгенімен, оның нәтижесі ұзақ мерзімді.

Өз тілшімізден

• КӘСІПКЕРЛІК

Кәсіпкерге – бағыт, бизнеске – серпін

Облыстың кәсіпкерлер палатасында кәсіпкерлер үшін маңызды әрі мазмұнды кездесу өтті. «Кәсіпкерлік байланыстар» құралы мен «Бір ауыл – бір өнім» жобасына арналған семинар онлайн форматта ұйымдастырылып, Zoom платформасы арқылы тікелей эфирде көрсетілді. Жиынға өңірдің әр аудан, қаласынан елуге жуық кәсіпкер қатысып, өз ісін кеңейтуге бағытталған жана мүмкіндіктермен танысты. Бұл туралы облыстың кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі мәлімдеді.

Салтанат ЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Палатаның шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы Меруерт Қасымова кездесуде «Кәсіпкерлік байланыстар» құралының басты мақсаты халықаралық кооперацияны дамыту және қазақстандық кәсіпкерлердің басқарушылық құзыреттерін арттыру екенін айтты.

– Бағдарламаға жылдық табысы кемінде 10 000 айлық есептік көрсеткішті құрайтын шағын және орта бизнес субъектілерінің жоғары және орта буын басшылары қатыса алады. Негізгі басымдық – шетелдік компаниялармен кооперация орнатуға және жаңа басқару тәжірибесін енгізуге дайын кәсіпкерлерге беріледі, – деді Меруерт Қасымова.

Бағдарлама аясында іріктеуден өткен кәсіпкерлер Германияда тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болады. Бұл тәжірибе алмасу ғана емес, халықаралық нарыққа шығудың нақты қадамы.

Іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі. Өтінімдер Өңірлік кәсіпкерлер палатасы арқылы қабылданып, алдын ала сараптамадан кейін тағылымдамаға қатысушылар тізімі жасакталады.

– Германия тарапы визалық қолдау, тұру, тамақтану және тағылымдаманы ұйымдастыру шығындарын өз мойнына алады. Ал, әуе билеттерін кәсіпкерлер өз қаражаты есебінен алады. Сонымен қатар, жолға шығар алдында онлайн дайындық сабақтары қарастырылған, – деп нақтылады спикер.

Кездесудің екінші бөлігі «Бір ауыл



– бір өнім» жобасына арналды. Бұл бастама жергілікті өндірісті қолдауға, өңір-

лік өнімді нарыққа шығаруға және ауыл кәсіпкерлерінің әлеуетін арттыруға

бағытталған. Жоба кәсіпкерлерге консультациялық сүйемелдеу, көрмелерге қатысу, өнімді ілгерілету және нарыққа шығару бағытында кешенді қолдау көрсетеді.

2023-2025 жылдар аралығында жоба аясында 50 кәсіпкер қатысып, 65 жаңа жұмыс орны ашылған. 24 миллион теңгеден астам грант қаражаты тартылып, 43 миллион теңгеге жуық инвестиция салынған. Бұл көрсеткіштер ауылдық бизнестің нақты нәтижеге жұмыс істей бастағанын айғақтайды.

Семинар барысында қатысушылар іріктеу талаптары, өтінім беру мерзімдері және құжаттар тізімі бойынша өз сұрақтарын қойды. Бағдарламаларға қатысу алгоритмі кезең-кезеңімен түсіндіріліп, кәсіпкерлерге практикалық нұсқаулықтар берілді.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері мұндай кездесулер кәсіпкерлерге тек ақпарат беріп қана қоймай, бизнесті жаңа деңгейге көтеруге бағыт-бағдар сілтейтінін атайды.

Облыстың кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметінен

Арқаның алтын сандығы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сапардың ең мазмұнды әрі әсерлі бөлігі алтын өндіру фабрикаларында өтті. «Пустынное» және «Долинное» алтын өндіру фабрикаларында біз руданы өңдеудің толық технологиялық циклімен егжей-тегжейлі таныстық. Карьерден жеткізілген кен алдымен ірі ұсатқыштарда майдаланып, бөлшектенеді. Одан кейін ұнтақтау цехында кен арнайы диірмендер арқылы қажетті фракцияға дейін жеткізіледі. Бұл кезеңде әрбір тонна руданың құрамындағы алтынның барынша толық ашылуы басты назарда болады. Ұнтақталған масса келесі кезеңге – химиялық өңдеуге жіберіледі. Мұнда кен СІЛ технологиясы бойынша өңделеді. Яғни, руда цианид ерітіндісінде шаймаланып, алтын ерітіндіге өтеді. Алтынды ерітіндіден бөліп алу үшін активтелген көмір қолданылады. Бұл процесс бірнеше сағаттан тұрады және әр кезең қатаң бақылауда болады. Барлық операциялар автоматтандырылған SCADA жүйесі арқылы басқарылып, операторлар орталық пульттен тәулік бойы өндірістің тұрақты әрі қауіпсіз жүруін қадағалайды. Экрандарда қысым, температура, құрам және көлем секілді барлық негізгі көрсеткіштер нақты уақыт режимінде көрініп тұрады.

Алтынмен қаныққан көмір одан әрі өңдеуге жіберіліп, нәтижесінде алтын-күміс қоспасы – Доре алынады. Балқыту цехында жоғары температурада жүргізілетін бұл процесс ерекше дәлдікті талап етеді. Әрбір операция белгіленген регламентке сай орындалады. Осылайша, жер қойнауынан алынған кен бірнеше кезеңнен өтіп, соңында дайын бағалы металлға айналады. Бұл – жоғары технология мен адам тәжірибесінің бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істейтінінің айқын көрінісі. Біз балқыту цехында дайын өнім – алтын-күміс қоспасы Доре алынған сәтті көзбен көрдік. Сол

жерде салмағы 23 келі болатын алтын құймасын қолымызға ұстап көруге мүмкіндік туы. Оның салмағы бірден сезіледі. Мамандардың мәлімдеуінше, мұндай құймалардың салмағы 26 келіге дейін жетуі мүмкін. Бұл – жүздеген мың тонна кенді өңдеудің, мыңдаған адамның еңбегінің нақты нәтижесі. Осы жерде біз балқытушы Мұқаш Абдолламен тілдестік. Ол бұл өндірісте 2025 жылдан бері еңбек етіп келеді.

– Балқыту – өндірістегі ең жауапты әрі күрделі процестердің бірі. Бұл кезеңде температуралық режим де, технологиялық уақыт та, шикізаттың химиялық құрамы да қатаң бақылауда ұсталады. Кішкентай ғана ауытқу өнім сапасына тікелей әсер етуі мүмкін. Әр балқыту алдында барлық параметрлер қайта тексеріліп, жабдықтың жарамдылығы мен қауіпсіздік талаптарының сақталуына ерекше мән беріледі. Біз үшін ең бастысы – сапалы өнім алу ғана емес, сонымен қатар адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балқыту цехында тәртіп пен жауапкершілік бірінші орында тұрады. Заманауи бақылау жүйелері мен автоматтандырылған технологиялар процесті дәл басқаруға мүмкіндік беріп, өндірістік тәуекелдерді айтарлықтай азайтты, – дейді балқытушы. Оның айтуынша, әрбір құйма бірнеше бөлімнің бірлескен еңбегінің арқасында іске асады.

Кен орнында еңбек ететін жұмысшылардың тұрмыс жағдайы да назардан тыс қалмайды. Вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін жайлы жатақханалар, кең асханалар, сапалы әрі құнарлы ас мәзірі қарастырылған. Демалыс уақытында спортпен шұғылдануға барлық мүмкіндік бар. Спорт залдары, теннис пен бильярд үстелдері, ауыр атлетикаға арналған жабдықтар жұмысшылардың денсаулығын сақтауға бағытталған. Бұл – адам капиталына жасалған инвестицияның нақты көрінісі.

Кен орындары кәсіпорынның шикізаттық базасын нығайтып



отыр. 2014 жылы іске қосылғаннан бері кәсіпорын бірнеше кезеңнен тұратын даму жолынан өтті. Алғашқы жылдары өңдеу көлемі 2 миллион тоннаға құраса, бүгінгі таңда бұл көрсеткіш 6 миллион тоннаға дейін жетті. Мұндай өсім жүйелі модернизация мен дұрыс жоспардың арқасында жүзеге асырылды.

Кәсіпорын директоры Айдын Дарханұлының айтуынша, өндірістің тұрақты дамуы үшін қауіпсіздік, экология және технология бірдей деңгейде қарастырылуы тиіс. Осы бағытта соңғы жылдары жаңа ұнтақтау корпусы салынып, конвейер желілері жаңартылды. Сонымен қатар, цианидтерді басқару бойынша халықаралық ИСМ сертификатын алуы кәсіпорынның экологиялық жауапкершілігін айқындайды. Жаңа кен қалдықтарын сақтайтын қоймалардың салынуы мен ескірінінің қайта жаңғыртылуы өндірістің қауіпсіздігін арттырып, болашаққа сенімді қадам жасауға мүмкіндік берді.

2025 жыл «Пустынное» кәсіпорны үшін жаңа кезеңнің

бастауы болды. Бақтай кен орнында ашық әдіспен кен өндіру жұмыстары басталып, жаңа шикізат көздері іске қосылды. Сонымен қатар, жерасты тау-кен жұмыстарының басталуы кәсіпорынның даму көкжиегін кеңейтті. Алдағы жылдары жерасты руднигі толық қуатына шыққанда, өндіріс көлемі тағы да арта түспек. Кәсіпорынның бүгінгі жетістігі мен болашақ жоспары туралы «Пустынное» тау-кен байыту кешенінің директоры Айдын Дарханұлы да өз ойын ортаға салды.

– Біздің басты қағидамыз – қауіпсіздік пен тұрақтылық. Өндіріс көлемін арттыру маңызды, бірақ ол адам өмірі мен экология есебінен жүзеге аспауы тиіс. Осы тұрғыда соңғы жылдары жүргізілген кешенді модернизация, заманауи әрі экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу, өндірістік процестерді автоматтандыру өндіріс барысындағы тәуекелдерді азайтып, жұмыс жағдайын жақсартуға бағытталған. Сонымен қатар, біз ұзақмерзімді дамуды көздей отырып, тек өндіріс қуатын арттырумен шектелмей, кадрлар-

дың біліктілігін көтеруге, еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруға және өндірістік әрі әлеуметтік инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытуға басымдық беріп келеміз, – дейді ол.

Директордың мәлімдеуінше, кәсіпорынның дамуында жерасты тау-кен жұмыстарының басталуы ерекше кезең болып отыр. Бұл кен орнын ұзақ мерзімге пайдалануға және өндірістің тұрақты болуына жол ашады.

Ал, бас инженер Ұлахан Қосжанов геологиялық зерттеу жұмыстары мен жаңа кен орындарының маңызына тоқталды.

– Бірнеше жылға созылған жүйелі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде кен орнының нақты қоры айқындалып, оның өндірістік әлеуеті жан-жақты дәлелденді. Мамандар жер қойнауын 250 метр тереңдікке дейін зерттеп, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен сапалық құрамына кешенді талдау жүргізді. Бұл зерттеулер кен орнын игеру барысында өндіріс процесін ғылыми негізде жоспарлауға мүмкіндік берді. Алынған

деректер технологиялық шешімдерді нақтылауға, өндіріс көлемін кезең-кезеңімен арттыруға және жобаның экономикалық тиімділігін қамтамасыз етуге жол ашады. Мұндай әдістер арқылы кәсіпорынның ұзақ мерзімді даму жоспары қалыптасып, өндіріс өндірістік әлеуетін нығайтуға берік негіз қаланды, – дейді ол.

Бұл сапар «Пустынное» тау-кен байыту кешенінің тек өндірістік қуатын ғана емес, оның артында тұрған адамдарды, олардың еңбегі мен жауапкершілігін көрсетті. Мұнда алтын жер қойнауынан оңайлықпен алынбайды. Ол – тәртіптің, білімнің және маңдай тердің жемісі.

Айта кетерлігі, Қазақстан алтын қорын 2025 жылы 57 тоннаға арттырды. Бұл – 1993 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш. Орталық банктер арасында еліміз екінші орында, ал бірінші орында Польша – 102 тоннамен. Соңғы тоқсанда Ұлттық банк қорды 17 тоннаға көбейтті. Ішкі өндірушілерден алынған алтын сатылмай, ел таза сатып алушы ретінде қалды. Алтынның қазіргі бағасы – унциясына 5580 доллар. Сарапшылар АҚШ-тағы пайыздық мөлшерлеменің төмендеуімен алтын бағасы 10 мың долларға дейін көтерілуі мүмкін дейді. Айта кетейік, 28 қантарда АҚШ Федералдық резервтік жүйесі базалық мөлшерлемені 3,5-3,75% деңгейінде сақтады.

Бұл сапар «Пустынное» тау-кен байыту кешенінің бүгінгі келбетін ғана емес, оның ертеңге деген бағытын да айқын көрсетті. Мұнда жер қойнауындағы байлықты игеру тек техника мен технологияға емес, ең алдымен адам еңбегіне, тәртіпке және жауапкершілікке сүйеніп жүзеге асып жатыр. Осындай өндірістер арқылы еліміздің өнеркәсіптік әлеуеті нығайтып, өмірлерінің дамуына жаңа серпін беріледі.

Актоғай ауданы

Суреттер автордан

Жасанды интеллект: айдың арғы беті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шындығында, DeepFake сапасы артқан сайын, жалған мен шындықты ажырату қиындап бара жатыр. Осыны мықтап санаға түйіп алған жөн.

Облыс аумағындағы нақты ахуал

Қарағанды облысы ПД киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер бойынша аға жедел уәкілі Дінмұхамед Ғалиұлы ұсынған мәліметтер аймақ тұрғындарына интернет кеңістігінде, әлеуметтік желілерде аса сақ болуға, көңілшектікке салынбауға шақырады.

– Жыл басынан бері облысымыздың аумағында 218 интернет-алаяқтық қылмысы тіркелді. Оның 124-і жасанды интеллектті пайдалану арқылы жүзеге асқан. Келтірілген шығын сомасы 600 миллион теңгеден асып отыр. Қаскөйлер жаңа технология – жасанды интеллект көмегімен халықты алдаудың мүлдем жаңа, сенімдірек деңгейіне көшті. Ең бастысы – әркім өз телефонын пайдалану барысында, интернет арқылы жұмыс істегенде аса сақ болуы қажет, – деп атап өтті Дінмұхамед Ғалиұлы. Ресми дерек бойынша өткен жылы Қарағанды облысы полиция департаментіне интернет-алаяқтық фактісі бойынша 2500-ден астам дерек тіркелген. Тұрғындарға келтірілген материалдық шығын көлемі 4 миллиард теңгеден асқан.

Сонымен қатар, елімізде заңнамалық деңгейде де жауапкершілік күшейтілуде. 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап, Қылмыстық кодекске жаңадан енгізілген 232-1-бабы күшіне енді. Аталған нормаға сәйкес, еліміздің әр азаматы өзіне тиесілі төлем құралдарын (банк картасы, есепшот, электронды әмиян және өзге де қаржы құралдары) материалдық сыйақы үшін үшінші тұлғаларға заңсыз бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Яғни, «қартамды уақытша пайдалана тұр» деген бейкам келісімнің салдары енді ауыр болуы мүмкін. Бұл құқық бұзушылық үшін



қаржылық шектеулер ғана емес, 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылған. Жалпақ тілмен айтқанда, материалдық сыйақы немесе мүлдікті сипатта пайда табу үшін біреуге банк картаныңды беріп, сол арқылы алаяқтыққа тап болсаңыз, қылмысқа қатысы бар адам ретінде жауапкершілікке тартыласыз. «Білмей қалдым» деген сылтау құтқара алмайды. Өйткені, қылмысқа жол берген – өзіңіз!

Сала мамандары бұл өзгерісті алаяқтық тізбегіндегі делдалдарды азайтып, қылмыстық схемалардың тамырын кесуге бағытталған маңызды қадам деп бағалап отыр.

Профилактика: интерактивті тәсіл

Ауруды емдегеннен көрі оның алдын алу – аса маңызды. Осы орайда облыс аумағында полициялар интернет-алаяқтыққа қарсы интерактивті акция ұйымдастырды. Шахтинск қаласында өткен шара барысында тұрғындарға алаяқтардың ең жиі қолданатын тәсілдері түсіндірілді. Сонымен бірге, «Қарағанды-Астана» бағытында қауіпсіздік керуені жолға шықты. Ақпараттық баннерлермен безендірілген автобус елордаға дейін барып, акция Бөйтерек монументі маңында жалғасын тапты.

– Басты мақсат – халықтың киберсауаттылығын арттыру. Ақпараттық автобус арқылы қауіпсіздік мәселесіне қоғам назарын аудардық. Бұл бастама басқа өңірлерде де жалғасады, – дейді Қарағанды

облысы ПД киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары Арман Қайрақбаев. Мұндай акциялар тұрғындарға пайдалы ақпарат бере отырып, азаматтардың сақтық дағдысын қалыптастыруға бағытталған.

Қарағанды қаласының тұрғыны Айгүл Сәрсенова да қазіргі замандағы ең өзекті мәселеге айналған осы қауіп туралы өз ойымен бөлісті.

– Бір танысымның басынан өтті. Әлдекімдер туған ұлының дауысымен хабарласып, жол апатына түскенін айтып, шұғыл ақша сұраған. Бірақ, танысымның ұлы дәл сол сәтте дүкенге шығып кеткен. Жүгіріп дүкенге барса, ұлы сонда кезекте тұр. Бұл қауіптің бетін кайтарды. Кейін оның жасанды интеллект арқылы жасалған жалған қоңырау екенін полиция қызметкерлері анықтаған. Осы жағдайдан кейін кез келген қоңырауға бірден сенбейміз, алдымен, қайта-қайта тексереміз. Нақты көз жеткізіп барып, әрекетке көшеміз, – дейді ол.

Бұл пікір қоғамда сенім дағдарысының пайда бола бастағанын аңғартады. Адамдар тіпті жақынының дауысын естисе де, күмәндануға мәжбүр. Өйткені, «Сақтансаң, сақтайды».

Қауіптен қорғану жолдары

Дерекке сүйенсек, АҚШ-та және Еуропада DeepFake арқылы компания басшыларының дауысын салып, миллиондаған доллар аудартқан жағдайлар тіркелген. Ұлыбританияда энергетикалық компания дирек-

торының дауысын көшіріп, қаржы жымқырған оқиға халықаралық резонанс тудырғаны да өтірік емес.

Еуроодақ жасанды интеллектті реттеу туралы арнайы заң қабылдап, цифрлық платформаларға жалған контентті белгілеуді міндеттеуде. АҚШ-та да AI арқылы жасалған материалдарды танбалау және жауапкершілікті күшейту мәселесі талқылануда.

Байқасақ, еліміздегі бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар да көз қуантады. Цифрлық кеңістік шекара танымайды десек, әлі атқарар қыруар шаруа бар екені аңғарылады.

Кибершабуылдан қорғану үшін мамандар мынадай қарапайым, бірақ тиімді қағидаларды ұсынады. Нақтырақ айтсақ, әлеуметтік желідегі парақшаларды жабық режимде ұстау, жеке фото және бейнежазбаларды шектеулі аудиторияға ғана көрсету, жақынымен ақша сұраса, ақша аудармасы бұрын міндетті түрде қайта хабарласып тексеру, банк қызметкері ешқашан «қуния қолды» сұрамайтынын есте сақтау және дүрбеленге бой алдырмау.

Ең бастысы – эмоцияға берілмеу. Алаяқтар дәл осы психологиялық факторды тиімді пайдалануды жетік меңгерген.

Сөз соңы

Жасанды интеллект – өркенеттің жаңа сатысы. Ол экономиканы дамытады, мемлекеттік басқаруды жетілдіреді, өмір сапасын арттырады. Бірақ, оның көлеңкелі жағы да бар.

Президенттің тапсырмасы киберқауіпсіздік мәселесін ұлттық қауіпсіздік деңгейіне көтерді. Бұл – уақыт талабы. Бүгінгі таңда технология дамыған сайын алаяқтық та күрделене түседі. Сондықтан, қорғаныс та соған сай жетілдірілуі қажет. Мемлекет, құқық қорғау органдары және әр азамат бірлесіп әрекет еткенде ғана цифрлық дәуірдің көзге көрінбейтін қауіптеріне төтеп бере аламыз.

Жасанды интеллект – айдың жарық беті де, қараңғы жағы да бар құбылыс. Оны игілікке жарату – адамзаттың саналы таңдауы мен жауапкершілігіне байланысты екенін ұмытпаған жөн.

Жас келсе, іске!



Міне, 16 жылдан бері Абай ауданында «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы табысты орындалуда.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде бұл бағдарлама 2009 жылы қолға алынып, ауылдарға қажет мамандарды жұмысқа тартып, оларды қаржылай көтермелеп, тұрғын үй сатып алуын немесе салуын қамтамасыз етуді көздеген болатын.

Сол алғашқы 2009 жылы ауылдарға жұмыс істеуге баратын білім беру, әлеуметтік, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, агроөнеркәсіп саласы қызметкерлерін қолдау мақсатында оларға 70 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 90 720 теңге бір жолғы көтерме ақы қайтарымсыз берілген еді.

Ал, 2010 жылы бұған бюджеттен тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін 15 жылға жылына 0,01 пайызбен 630 айлық есептік көрсеткіште немесе 890 190 теңге несие берілетін болып, оны алған мамандар барған ауылдарында міндетті түрде 5 жыл жұмыс істеу келісім-шартына қол қоятын еді. Егер осы мерзімінен ерте кетіп қалса, олар ол ақшаның қалғанын қайтаруға тиіс-тін. Одан кейін 2011 жылы осы бюджеттік несиенің көлемі 630 айлық есептік көрсеткіштен 1500-ге өзгерген.

Енді 2019 жылдан бастап, бір жолғы көтерме ақы 70 айлық есептік көрсеткіштен 100-ге, ал тұрғын үй үшін бюджеттік несиенің көлемі 1500 айлық есептік көрсеткіштен 2000-ға дейін өсті.

Кейін бұл қажет мамандар санатына ауылдық және кенттік округтер аппараттарына керек мемлекеттік қызметшілер де кіріп, сол 2009 жылдан бері Абай ауданының ауылдары-

на келіп жұмысқа орналасқан жоғары санаттағы мамандар саны 615 адамды құраса, тұрғын үйге бюджеттік несиені 276 маман алыпты. Мұны пайызға шаққанда аудан ауылдарына келіп, тұрақты жұмысқа орналасқан денсаулық саласы мамандары 56 пайыз, агроөнеркәсіп саласы қызметкерлері 3,6 пайыз, мәдениет саласынан 35 пайыз, спорттан 1 пайыз, мемлекеттік қызметшілер 1 пайызды құрайды екен.

– Быыл аудан ауылдарына келетін осы санаттағы 40 маманға бір жолғы 432 500 теңге көтерме ақы төленсе, олардың баспанасы үшін ең төменгі 0,01 пайызбен 15 жылға 8 миллион 650 мың теңге бюджеттік несиені болу қарастырылған. Былтыр оның мөлшері тиісінше 393 мың 200 теңге және 7 миллион 864 мың теңге болған. Бұл орайда жыл сайын айлық есептік көрсеткіштің өзгеріп отыруы есепке алынады. Енді ауылға барған бұл мамандар бұрынғыша 5 жыл емес, 3 жыл тұрақтап, жұмыс істейтін болады. Оларға деген қажеттілік біз әр сала бойынша түскен сұраныстарға қарай анықтап, белгілейміз.

Бізге жүзеге асырылып жатқан бұл бағдарламаның әкімшісі Абай ауданының әкімдігі бойлық табылады, – дейді Абай аудандық экономика бөлімінің сектор менеджері Салтанат Кәдірқұлова.

Бір ескертін нәрсе, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы жаңа оқу бітірген дипломды мамандарды ғана емес, зейнет жасына жеткенше 3 жыл мерзімі қалған мамандарға дейін қамтиды.

Абай ауданы

• ФУТБОЛ

Шеберлігін шыңдай түседі

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы үшінші оқу-жаттығу жиындарын бастап кетті. Бұл жолы жерлестер Белек қаласында 15 күн бойы шеберліктерін шыңдап, жаңа маусымға тыңғылықты дайындық жүргізбек. Әрі бірқатар бақылау матчын да өткізуді жоспарлап отыр.



делген. Әрі ойыншының төзімділігі мен жылдамдығын, күштік көрсеткіштерін шыңдауға бағытталады.

Одан кейін тактикалық құрылымдарға, ойын сызбасын пысықтауға және алаңдағы өзара үй-

лесімділікті арттырады. Бапкерлік штаб әр позициядағы бәсекелестікті саралап, ойыншылардың мүмкіндігін бақылау матчтары арқылы жан-жақты бағаламақ. Сондай-ақ, дәл осы жиын барысында жаңа маусымда команда жүгін арқалайтын, яғни, негізгі құрам мүшелері анықталады. Демек, бұл кезең – тек дайындық емес, әр ойыншы үшін өз орнын дәлелдейтін шешуші сынақ.

Оқу-жаттығу жиындары аясындағы алғашқы бақылау матчы ресейлік «Балтика-2» командасына қарсы өтпек. Алайда, бұл жолғы жолдастық кездесулер жабық режимде ұйымдастырылады деп күтілуде. Мұндай шешімді бапкерлік штаб қабылдаған. Ал, мамандар бұл кадам тактикалық сәттерді егжей-тегжейлі пысықтап, ойын жүйесіндегі жаңа элементтерді сырт көзге жария етпей, сынақтан өткізу қажеттілігінен туындағандығын айтады.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдеттегідей, жерлестер бұл оқу-жаттығу жиындарында да командалық тактиканы жетілдіруге басымдық береді. Дайындықтың алғашқы кезеңінде футболшылардың физикалық ахуалына айрықша ден қойылып, жалпы және арнайы дене дайындығы кешенді жүргізіледі. Жаттығу үдерісі жүктемені біртіндеп арттыру қағидатына негіз-

• ХОККЕЙ

Плей-офф көш басына шығара ма?

Хоккейден ел чемпионатының негізгі кезеңі тәмам. Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы бұл кезеңде 54 ойын өткізіп, 83 ұпаймен турнир кестесінде III орынмен плей-офф кезеңіне жолдама алды. Плей-офф кезеңіне жолдама алған сегіз команда арасында жеребе арқылы қарсыластары анықталған болатын. Жерлестер бұл кезеңде рудныйлық «Горняк» клубымен кездесетін болды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, ел чемпионатына маусым басында 10 команда қа-

тысқан. Маусым бойы барлығы 54 кездесу өткізіп, өзара сынга түскен. Нәтижесінде, «Ақтөбе» мен «Ертіс» командасы қажетті ұпай санын еншілей алмай,

жарысты осы жерден аяқтады. Ал, қалған сегіз команда ақтық кезеңнің жолдамасын сарапқа салады.

Көш басында – 86 ұпаймен елордалық «Nomad Astana» хоккей клубы. Соңғы кездесулерінде жеңіске жетіп, қарсыластарынан ұпай айырмашылығымен көш басына шыққан. Өскеменнің «Торpedo» клубы 84 ұпаймен екінші. Ал, «Сарыарқа» клубы – үздік үштіктің қатарында. Негізі, жерлестер осыдан 5-7 тур бұрын көш басында тұрған еді. Алайда, соңғы кездесуінде, яғни, петропавлдык «Құлагер» клубына қарсы осы ойында ұпай жоғалтып, турнирлік кестеде үшінші сатыға түсті. Десе де, жерлестер ел чемпионатының негізгі туры үздік үштіктің қатарында тәмамдады.

Плей-офф кезеңіне жолдама алған сегіз команда арасында өзара қайта жеребе тартылған.

Жеребе нәтижесінде, жерлестердің келесі қарсыласы – «Горняк» клубы. Қос команда бұл кезеңде төрт кездесу өткізбек. Яғни, екеуі өз алаңында болса, екі матч сырт алаңда ойнамақ.

Жалпы, бұл кездесуде басты фаворит – «Сарыарқа». Олай дейтініміз, бұған дейін қос команда былтыр тоғыз мәрте кездескен. Оның жетегінде қарағандылық клуб жеңіске жетіпті. Бірақ, чемпионат аясындағы соңғы екі кездесуде қос команда тең түскен. Жерлестер өз алаңында өткен екі кездесудің біріншісінде 1:3 есебімен жеңілсе, екіншісінде 4:1 есебімен айласын асырған. Алайда, «Сарыарқа» – өте тәжірибелі команда. Дәл осы плей-офф кезеңінде «Құлагерге» есе жібермесі анық.

Егер жерлестер бұл кезеңнен сүрінбей өтсе, ақтық кезең жолдамасын «Торpedo» немесе «Бейбарыс» командасы арасында өткен кездесудің жеңімпазымен сарапқа салатын болады.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

«Тұлпар» ұпай жоғалтқан жоқ

Шағын футболдан ел чемпионатының 2025-2026 жылғы маусымының екінші кезеңі басталып кетті. Маусым басталғалы қарағандылық «Тұлпар» клубы алты кездесу өткізіп, оның біреуінде ғана жеңіліп қалды. Ал, күні кеше өз алаңында рудныйлық «Аят» клубын қабылдап, қос кездесуде де 5:3 есебімен жеңіске жетті. Ал, бірінші ойында жоғары нәтиже көрсеткен қақпашы Дәулет Затыбеков пен қарымта матчта көзге түскен Владислав Черномордов кездесудің үздік ойыншысы атанды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші кездесудің бірінші таймында қарағандылықтар басымдыққа ие болды. Ойын басталысымен шабуыл ұйымдастырып, қарсылас қақпасынан саңылау іздеді. Сондай сәттің бірінде жерлестердің пайдасына бұрыштама добы жазылған-тын. Осы тұста Ақжол Дәрібай бұрыштамадан допты ойынға қосып, алаң ортасындағы әріптесі Кирилл Дуровқа пас асырады. Ал, Кирилл мұндай сәтті мүлтік жібермей, допты қақпаға тоғытты.

Араға бірнеше минут салып, Ақжол тағы да оң қапталдан ша-

буыл ұйымдастырды. Қарсылас команда ойыншыларын қапы қалдырып, қақпа тұсына келгенде алаң ортасына қайта пас асырған. Осы сәтті күтіп тұрған Володия Вольман қақпаға соққы бағыттап, есепті еселеп кетті. Осылайша ойынның алғашқы бөлігі 2:0 есебімен аяқталды.

Екінші айналым басталысымен қарсыластар қатарынан екі гол салып, таразы басын теңестірген. Бірақ, Владислав Черномордов, Кирилл Дуров есепті 4:2-ге жеткізеді. Десек те, қарсыластар кезекті шабуыл барысында тағы бір гол салып, есеп алшақтығын қысқартқан-тын. Бірақ, Дәулет Затыбеков шешуші



голды салып, командасына жеңіс сыйлады.

Қарымта кездесуде де бірінші болып, алаң иелері есеп ашты.

Владиславтың бұрыштамадан бағыттаған добы қарсылас қақпашысына тиіп, қақпаға енді. Бұл эпизод ресми түрде авто-

гол ретінде тіркелгенімен, голға бастау болған шешуші пас Владиславтың еншісіне жазылды. Бұдан кейін таблодағы көрсеткіш өзгермей, 1:0 есебімен бірінші айналым тәмамдалды.

Екінші айналымда да алаң иелері бірінші болып есеп ашты. Қарсылас команда қорғаушылары кезекті қорғаныс сәтінде доптан айырылып қалған болатын. Осы тұста Владислав допты қақпаға бағыттап, есепті еселеп кетті. Үшінші голды қақпашы Дәулет Затыбеков салып, есепті 3:0-ге жеткізген. Бұдан кейін қарсыластар үш голға жауап ретінде екі гол салып, есеп алшақтығын қысқартты. Бірақ, Бекежан Апалямов пен Владислав Черномордов бесінші голды салып, командасына жеңісті бір табан жақындатты. Бұдан кейін «Аят» клубы үшінші голды салғанымен, ойын 5:3 есебімен жеңіс алаң иелерінің пайдасына шешілді.

– Қос кездесу де оңайға соққан жоқ. Бірінші кездесудің бірінші айналымы өте жақсы өтті. Ал, екінші айналымда ойын шиеленісіп

кетті. Қарсыластар ойынды қолға алып, барынша шабуылға көшті. Десе де, біздің жігіттер қорғаныста жақсы ойнап шықты. Қақпашы Дәулеттің де еңбегін атап өтпеске болмас. Қарсылас команда ойыншыларымен бетпе-бет шыққанда жақсы өнер көрсетті. Допты күтіп алып, шабуылды сәтті ұйымдастырып беріп отырды. Қарымта кездесуде де дәл солай. Жалпы, «Аят» – Қазақстандағы мықты әрі болашағы зор команданың бірі. Маған олардың ойын мәнері ұнайды. Команда мүшелері жас болса да, алаңда тәжірибелі. Өрқайсысының қалыптасқан стилі бар. Ең бастысы – шабуылды жоқ жерден ұйымдастырып, қарапайым сәттің өзінен мүмкіндік таба алады, – деді «Тұлпар» шағын футбол клубының бас бапкері Әміржан Мұқанов.

Енді жерлестер осы айдың соңында турнир кестесінің II сатысындағы «Ақтөбе» клубымен кездеседі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Үздіктер қатарында

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтері арасында инновациялық жұмыстардың республикалық байқауы өтті. Байқауды ұйымдастырушы – М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі жанындағы оқу-әдістемелік бірлестігі. Қолдаушысы – «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған байқау педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға, озық тәжірибелерді тарауға және заманауи білім беру технологияларын насихаттауға бағытталды.

Республикалық деңгейдегі білім додасына еліміздің 14 облысынан 15 педагог қатысып, өзара тәжірибе алмасып, үздік жобаларын ұсынды. Қатысушылар білім беру үдерісіне енгізіліп жатқан инновациялық әдістерін, авторлық жобаларын және шығармашылық жұмыстарын қорғады. Байқау барысында кәсіби құзыреттілік, әдістемелік шеберлік пен жаңашылдық басты назарда болды.

Байқау 3 модульден тұрды. I модульде қатысушылар өзін және кәсіби жетістіктері мен педагогикалық тәжірибесін таныстырса, II модульде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып ашық сабақ өткізу жүктелді. Ал, III модульде берілген тақырып бойынша диалог оқу арқылы қатысушының шешендік қабілеті мен кәсіби көзқарасы сынга түсті.

Кеншілер өлкесінің намысын қорғаған Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі оқытушысы Ербұлан Мақатай байқауда жоғары нәтиже көрсетіп, үш модуль бойынша алғарлығын танытып, жүлделі III орынға ие болды. Бұл – ұстаздың кәсіби ізденісі мен шығармашылық еңбегінің айқын нәтижесі.

Байқау барысында педагогтердің үздік жобалары мен тиімді оқыту технологиялары кеңінен таныстырылып, тәжірибе алмасу алаңы қалыптасты.

– Байқау маған тәжірибе алаңы болды. Әріптестерімнің жаңашыл идеяларымен танысып, өз тәжірибеммен бөлісіп, кәсіби дамуымның маңызды кезеңін бастан кештім. Байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылыпты. Қолдау көрсеткен әріптестеріме және ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Алдағы уақытта да білім беру саласында жаңашыл жобаларды жүзеге асырып, шәкірттеріміз сапалы білім алуына өз үлесімді қоса бермекпін, – дейді Ербұлан Айтпейілі.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 013
№21 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР